

Қарғалы ауданы бойынша мемлекеттік жалдау үйлеріне жалдау ақысының мөлшерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 27 наурыздағы № 55 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 25 сәуірде № 3-6-137 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық әкімдігінің 2013 жылғы 25 ақпандағы № 28 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қарғалы аудандық әкімдігінің 2013.02.25 № 28 Қаулысымен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңының 97 бабына және Қазақстан Республикасының тұрғын үй – коммуналдық шаруашылығы және құрылыс істері жөніндегі Агенттігінің 2011 жылдың 26 тамыздағы № 306 «Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы үйлерді пайдаланғаны үшін ақысын есептеу әдістемесін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қарғалы ауданындағы мемлекеттік тұрғын үй қорындағы жалға берілетін үйлерден алынатын жалдау ақысының мөлшері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **С. А. Аманжоловқа** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін, күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

А. Сағиев

А у д а н

ә к і м д і г і н і ң

2 0 1 2

ж ы л ғ ы

2 7 . 0 3

№

5 5

қ а у л ы с ы н а

ҚОСЫМША

Қарғалы ауданының мемлекеттік тұрғын үй қорынан жалға берілген үйдегі үй-жайды пайдаланғаны үшін белгіленген ай сайынғы жалдау ақы мөлшері

Мемлекеттік жалдау үйлерінде тұрғаны үшін алынатын жалдау ақы есебінде келесі көрсеткіштер қолданылады:

2011 жылы салынған 1 үйдің сметалық құны	-4996795тг
Ц-2011 жылғы салынған тұрғын үйдің 1 шаршы метрінің құны	-70000 тг
Е-Тұрғын үйдің жалпы аумағы	-75ш.м.
Т-Ғимараттың есептік пайдалану мерзімі	-100 жыл
Г-2011 жылы салынған тұрғын үйдің бір жылға 1 шаршы метрін пайдаланудың, күрделі және ағымдағы жөндеудің шығын сомасы	-49968тг
Р-тұрғын үйді күтіп-ұстауға қажетті төлемдер сомасы (айына 1 шаршы метр үшін теңге)	
А-үй-жайды пайдаланғаны үшін жалдау ақы мөлшері (айына 1 шаршы метр үшін теңге)	

Е с е п т е у ф о р м у л а с ы :

2011 жылы салынған жалға берілетін үйлер үшін:

$$P = G : 12 : E$$

$$P = 49968 : 12 : 75 = 55,52 \text{ тг}$$

$$A = C : T : 12 + P$$

$$A = 70000 : 100 : 12 + 55,52 = 113,9 \sim 114 \text{ тг}$$

1 айына 1 шаршы метрінің жалдау ақысының мөлшері-114 тенге.